Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына 7-қосымша

Нысан

**Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау Орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына**

**Кімнен: «Алматы студенттер Альянсы» қоғамдық қорынан**

(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

<table>
<tr><td colspan="5">1. Өтініш беруші</td></tr>
<tr><td>1. БСН</td><td colspan="4">100940015407</td></tr>
<tr><td>2. Ұйымның тіркелген күні</td><td colspan="4">2010 жылғы 24 қыркүйек</td></tr>
<tr><td>3. Ұйымның толық атауы</td><td colspan="4">«Алматы студенттер Альянсы» қоғамдық қоры</td></tr>
<tr><td>4. Ұйымның заңды мекенжайы</td><td colspan="4">Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш. 97, 2401 каб, пошталық индексі 050000</td></tr>
<tr><td>5. Ұйымның басшысы</td><td>Тегі<br>Қуандық</td><td>Аты<br>Жасұлан</td><td>Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Бостандықұлы</td><td>Лауазымы<br>Төраға</td></tr>
<tr><td>6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері</td><td colspan="4">Қордың басты мақсаты: Республика жастарының мүдделерін қорғауға, азаматтық және әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға, сонымен бірге студент жастардың жан-жақты дамуына, білім алуына тәрбиеленуіне және өз мүмкіндіктерін толыққанды таныта алуларына, студент жастардың мәселелерін шешу жағдайлары мен механизмдерін қалыптастыруға бағытталған талаптарын, күш-қуатын, әлеуетін біріктіру болып табылады.<br>Міндеттері:<br>- Студенттерді патриотизм мен отансүйгіштікке тәрбиелеу, жастар арасында жалпыға ортақ адами құндылықтарды, адамгершілікті, мәдениетаралық ынтымақтастықты тәрбиелеу;<br>- Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан демократиялық реформалардың бағытын жүзеге асыруға ықпал ету, түсіндіру және насихаттау;<br>- Мемлекеттің жастармен жұмысына қолдау мен көмек көрсету, студент жастарға қатысты Заңдарды, Үкімет Қаулыларын жүзеге асыру;<br>- Студенттердің интеллектуалды әлеуетін дамыту;<br>- Студенттер арасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;<br>- Студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау;</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | - Студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру. |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | ҚР азаматтары, студенттер, жастар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, NEET санатындағы жастар, спорттық және шығармашыл жастар және т.б. |
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | +7 775 673 1050 |
| 9. Электрондық пошта мекенжайы | ask_almaty_2017@mail.ru |
| 10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты | https://ulesqos.kz |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар) | Instagram: https://www.instagram.com/qsa_almaty?igsh=bTNrdDhiODJxdzFx<br>Instagram: https://www.instagram.com/jastar.online?igsh=YjFkaTdvbm5ydnUz<br>Telegram https://www.facebook.com/profile.php?id=100080776331800&mibextid=LQQJ4d<br>Facebook https://www.tiktok.com/@qsa_almaty?_t=8ZInsXW6Wij&_r=1<br>Tik Tok https://t.me/+Rx7XxWpYvs4jnqZM |

12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *

*Ескерту.*

** Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.*

| № | Әлеуметтік жобаның атауы | Қаржыландыру көлемі (теңге) | Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші | Орындау кезеңі | | Негізгі нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Басталуы | Аяқталуы | |
| 1. | Алматы қаласындағы үкіметтік емес жастар ұйымдарының, жастармен жұмыс комитеттерінің, қызығушылық бойынша клубтардың, студенттік кеңестердің жұмысының дамуы бойынша қызметтерді ұйымдастыру (№1 Акт, №2 Акт, №329 2011 жылғы 20 маусымдағы келісімшартқа сәйкес 2011 жылдың 23 карашасында көрсетілген қызметтер); | 7 496 250 (жеті миллион төрт жүз тоқсан алты мың екі жүз елу) теңге | «ҚР Білім және Ғылым министрлігі» ММ; Алматы қаласы | 20.06.2011 | 23.11.2011 | Алматы қаласындағы үкіметтік емес жастар ұйымдарының, жастармен жұмыс комитеттерінің, қызығушылық бойынша клубтардың, студенттік кеңестердің жұмысының дамуы бойынша нақты нәтижеге қол жеткізілді. |
| 2. | Жатақханада тұратын жастардың тұрмыстық жағдайларын зерттеуге бағытталған әлеуметтік | 425 000 (төрт жүз жиырма бес мың) теңге | «Алматы қалалық жастар саясатын дамыту | 10.03.2015 | 25.11.2015 | Жатақханада тұратын астардың тұрмыстық жағдайларын |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тексерістерді жүргізу және ұйымдастыру бойынша қызметтер (№5-15 келісімшарты бойынша 2015 жылғы 10 наурыздағы келісімшартқа сәйкес); | | мемлекеттік қоры»; Алматы қ. | | | зерттеуге бағытталған әлеуметтік тексерістер жүргізілді, жатақхана мәселелсі оң шешімін тапты. |
| | 3. | ҚР Президентінің Халыққа арналған Жолдауы бойынша жастар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша қызметтер (№6-15 келісімшарты бойынша 2015 жылғы 11 наурыздағы келісімшартқа сәйкес); | 550 000 (бес жүз елу мың) теңге | «Алматы қалалық жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры»; Алматы қ. | 11.03.2015 | 28.11.2015 | ҚР Президентінің Халыққа арналған Жолдауы бойынша жастар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жасалды. |
| | 4. | Жастар арасында дельфий ойындарының іріктеу кезеңін жүзеге асыру бойынша қызметтер (№1 Акт, №26 2017 жылғы 10 наурыздағы келісімшартқа сәйкес) | 2 750 000 (екі милиион жеті жүз елу мың) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ; Алматы қаласы | 10.03.2017 | 25.05.2017 | Жастар арасында дельфий ойындарының іріктеу кезеңі өтіп, талантты жастар ашылды. Сонымен қатар жеңімпаздар Республикалық Дельфий ойындарына қатысты. |
| | 5. | Мемлекеттік тілдегі дебат қозғалысын дамыту жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер (№1 Акт, №2 Акт, №20 2017 жылғы 9 наурыздағы келісімшартқа сәйкес) | 1 656 000 (бір миллион алты жүз елу алты мың) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ; Алматы қаласы | 09.03.2017 | 05.12.2017 | Мемлекеттік тілдегі дебат қозғалысын дамыту жобасы аясында 11 турнир, 15 шеберлік сынып өтті. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | 6. | Мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік қолдауға және оңалтуға бағытталған «Кедергісіз болашақ» жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер (№1 Акт, №2 Акт, №22 2017 жылғы 9 наурыздағы келісімшартқа сәйкес) | 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ; Алматы қаласы | 09.03.2017 | 02.12.2017 | Мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік қолдауға және оңалтуға бағытталған 39 іс-шара ұйымдастырылды. |
| | 7. | Жастар арасында дельфий ойындарының іріктеу кезеңін жүзеге асыру бойынша қызметтер (№1 Акт, №22 2018 жылғы 19 шілдедегі келісімшартқа сәйкес) | 3 799 999 (үш миллион жеті жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ; Алматы қаласы | 09.03.2018 | 19.07.2018 | Жастар арасында дельфий ойындарының іріктеу кезеңі өтіп, талантты жастар ашылды. Сонымен қатар жеңімпаздар Республикалық Дельфий ойындарына қатысты. |
| | 8. | Мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік қолдауға және оңалтуға бағытталған «Кедергісіз болашақ» жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер (№1 Акт, №21 2018 жылғы 12 наурыздағы келісімшартқа сәйкес) | 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ; Алматы қаласы | 12.03.2018 | 06.11.2018 | Мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік қолдауға және оңалтуға бағытталған 42 іс-шара ұйымдастырылды. |
| | 9. | «Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шараларды өткізу» әлеуметтік жобасы (№1, | 5 235 000 (бес миллион екі жүз отыз бес мың) теңге | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ | 31.05.2019 | 29.11.2019 | Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шаралар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | №2 Акт, №92 2019 жылғы 31 мамырдағы грант беру туралы шартқа сәйкес) | | Республикалық іс-шара Алматы қаласында өткізілді | | | өткізілді, Республикалық «Жігер» әскери-патриоттық лагері ұйымдастырылды |
| 10. | «Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шараларды өткізу» әлеуметтік жобасы (№1, №2 Акт, №59 2020 жылғы 25 мамырдағы грант беру туралы шартқа сәйкес) | 5 528 000 (бес миллион бес жүз жиырма сегіз мың) теңге | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ҚР 14 облысы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары | 25.05.2020 | 13.11.2020 | Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шаралар өткізілді, Республикалық «Жігер» әскери-патриоттық онлайн лагері ұйымдастырылды |
| 11. | «Мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қолдау» әлеуметтік жобасы (№1, №2, №3 Акт, №17 2020 жылғы 27 ақпан грант беру туралы шартқа сәйкес) | 11 162 000 (он бір миллион жүз алпыс екі мың) теңге | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ҚР 14 облысы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары | 27.02.2020 | 10.12.2020 | Jastar.online ақпараттық порталы, әлеуметтік желі парақшалары құрылды. NEET санатындағы жастарды мотивациялауға арналған 2 бейнеролик, мемлекеттік бағдарлаларға арналған 10 бейнеролик, патриоттық бағытта 10 бейнеролик жарияланды. 8 қалаға мемлекеттік бағдарламалар туралы билбордтар ілінді және т.б. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 12. | «Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шараларды өткізу» «IQ battle» республикалық зияткерлік сайысы | 19 993 470 (он тоғыз миллион тоғыз жүз тоқсан үш мың төрт жүз жетпіс) теңге | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ ҚР 14 облысы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары | 31.03.2022 | 30.11.2022 | Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шаралар өткізілді. |
| | 13. | Алматы қаласының әртүрлі санаттағы жастары арасында «ALMA CUP» спорттық ойындарын (футбол, баскетбол, волейбол, киберспорт) ұйымдастыру жөніндегі қызметтер | 31 351 815 (отыз бір миллион үш жүз елу бір сегіз он бес) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ; Алматы қаласы | 22.11.2022 | 25.12.2022 | Алматы қаласының әртүрлі санаттағы жастары арасында «ALMA CUP» спорттық ойындары (футбол, баскетбол, волейбол, киберспорт) ұйымдастыруылды |
| | 14 | «ULES» жобасы | 32 000 000 (отыз екі миллион ) теңге | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ<br><br>ҚР 14 облысы және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары | 15.03.2023 | 30.11.2024 | Жастар арасында саяси және азаматтық белсенділік үлесін арттыру үшін жастардың жастар саясаты жайында ақпараттану және жастар саясатына белсенді қатысу деңгейін көтеру жұмыстары жүргізілді.<br><br>Қалалық, ауылдық елді мекендерде жастарды шешім |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | қабылдауға тарту және ілгерілету бойынша жұмыстар жасалды. |
| | 15. | «JIGER» жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша іс-шаралар кешенін өткізу | 15 267 858 (Он бес миллион екі жүз алпыс жеті мың сегіз жүз елу сегіз) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ;<br><br>Алматы қаласы | 15.06.2023 | 30.11.2023 | Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шаралар жүзеге асырылды. 18-ден 24 жасқа дейінгі Алматы қаласының жұмыспен камтылмаған жастарының қатысуымен Жамбыл облысы Гвардейский ауылында орналаскан оқу орталығында әскери-далалық лагерь өткізілді.ҚР Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымының базасында Алматы қаласының жұмыспен қамтылмаған жастарымен әскери жиындар өткізілді. |
| | 15. | «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттарын беру үшін іс-шараны ұйымдастыру | 16 875 000 (Он алты миллион сегіз жүз жетпіс бес мың) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері | 15.06.2023 | 30.11.2023 | ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №469 «Тәуелсіздік |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жөніндегі басқарма» МКМ;<br><br>Алматы қаласы | | | ұрпақтары» грантын беру туралы қаулысына және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бекіткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидаларына сәйкес 5 бағыт бойынша жобаларды қаржыландыру жүзеге асырылды. Жоба шеңберінде гранттардың жалпы бюджеті бағыттар бойынша 13 000 000 (он үш миллион) теңгені құрады. |
| | 16. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер («Jas Gala» музыкалық, хореографиялық және көркем шығармашылық саласында жастарды анықтау, қолдау және дамыту жөніндегі қызметтер) | 16 775 357.20 (он алты миллион жеті жүз жетпіс бес мың үш жүз елу жеті теңге жиырма тиын) теңге | «Алматы қ. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» МКМ;<br><br>Алматы қаласы | 15.11.2023 | 30.12.2023 | Жобаның мақсаты шығармашыл дарынды және талантты жастардың кәсіби өсуіне қолдау көрсету және олардың қабілеттері мен мүдделерін дамытуды іске асыру. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Адамгершілік құндылықтарды, жоғары эстетикалық және интелектуалдық талғамын қалыптастыру. |
| | | | | | | | Жүктеу |

| | |
|---|---|
| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Қуандық Жасұлан Бостандықұлы – ұйым басшысы;<br>Жақсыбай Жұлдыз Әбілсейітқызы – жоба координаторы;<br>Умиртаева Агзия Турсынбаевна – бухгалтер;<br>Омаш Ажар Құрбанбекқызы - СММ маман, мобилограф; |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | *Қуандық Жасұлан Бостандықұлы – Ұйым басшысы;*<br>– 20.01.2014-24.05.2015 ж.ж. – «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіптік одағының жобалар жетекшісі;<br>– 15.09.2015-25.03.2016 ж.ж. – «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіптік бюро төрағасы;<br>– 17.02.2017-15.06.2017 ж.ж. – «Алматы студенттер Альянсы» КҚ жобалар жетекшісі;<br>– 15.06.2017-30.10.2017 ж.ж. – «Алматы студенттер Альянсы» КҚ атқарушы директор орынбасары;<br>– 01.11.2017 – 01.12.2023 ж.ж. – «Алматы студенттер Альянсы» КҚ атқарушы директоры;<br>– 07.09.2021-01.09.2021 ж.ж. – ҚазҰҚПУ, Өнер және менеджмент институтының ғылым және инновация жөніндегі директор орынбасары;<br>– 01.09.2021-01.02.2022 ж.ж. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Менеджмент кафедрасының оқытушысы;<br>– 08.02.2022 - қазіргі уақытқа дейін – «Dauletten» қайырымдылық қорының Президенті;<br>– 16.02.2023-01.09.2023 ж.ж. – «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» РМҚК баспасөз хатшысы;<br>– 04.09.2023 - қазіргі уақытқа дейін – Astana IT University оқытушысы;<br>– 2017 жылдан бері «Алматы студенттер Альянсы» КҚ атқарушы директоры<br><br>*Жақсыбай Жұлдыз Әбілсейітқызы – жоба координаторы;*<br>- 2016-2019 ж.ж. «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының төраға орынбасары<br>- Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігінің эксперт мүшесі<br>- «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағына – 20 жыл» мерекелік медалінің иегері<br>- «Алматы қалалық дельфий ойындары» жобасының менеджері<br>- 2019 - 2021 ж.ж. «Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиал қызметкері |

| | |
|---|---|
| | 2021 ж. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы.<br><br>*Умиртаева Агзия Турсынбаевна - Бухгалтер;*<br>- 2 жыл – ЖШС «Агропродукт Азия»<br>- 6 ай – ЖШС «Milk Center LTD»<br>- 1 жыл – ЖШС «Buta Trade»<br>- 8 ай – ЖШС «АМПАРО»<br>- 3 жыл – ЖШС «Danone Berkut»<br>- 7 жыл – ЖШС «New Sport System»<br>- 05.01.2023 жылдан бері «Алматы студенттер Альянсы» ҚҚ бухгалтері<br><br>*Омаш Ажар Құрбанбекқызы – Қоғаммен байланыс жөніндегі маман;*<br>- 10.2020 - 10.2022 жж. - «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының төраға орынбасары;<br>- «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағына– 20 жыл» мерекелік медалінің иегері;<br>- Қазақстан салалық «Парасат» кәсіподағының Құрмет медалінің иегері<br>- 01.04.2023 ж. – бүгінгі таңға дейін «Алматы студенттер Альянсы» ҚҚ жоба менеджері, СММ маманы<br>- 01.09.2023 ж. - бүгінгі таңға дейін «Жоғары жастар кеңесі» ҚБ жоба менеджері. |
| 3. Қосымша мәліметтер | |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме<br>1. https://www.instagram.com/jasulan_bostandyquly/<br>2. https://www.instagram.com/agziya_tursynbay<br>3. https://www.instagram.com/zhuldyz_zhaksybai?igsh=MTFwYWFod2RsMmY4dg==<br>4. https://www.instagram.com/azhar_kurbanbekkyzy?igsh=MTc0NHA5a3VsdGZveg== | |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Жастардың шығармашылық әлеуетін және ақпараттық-коммуникативтік қабілеттерін дамыту |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Медиа EDUCATION» жобасы |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе | Жақында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева отандық БАҚ саласын дамыту мәселелеріне арналған алқалы жиын өткізді. Шараға қатысқан білікті мамандар, зиялы қауым өкілдері мен сарапшылар саланы ілгерілетуге қатысты ой- |

| | |
|---|---|
| зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Бұл кездесуде БАҚ-тың мемлекеттік жүйедегі маңызды рөлін атап өткен министр саладағы өзекті мәселелерге де тоқталды.<br>Қазақстанда барлығы 3600-ден астам БАҚ тіркелген. Олардың ішінде ең танымал ақпарат құралы әлі де телевизия болып тұр. Интернет-ресурстар екінші орынға орналасса, дәстүрлі басылымдар үшінші орында. Дегенмен интернеттің дамуымен бұл көрсеткіш алдағы жылдары өзгеріске ұшырауы да ғажап емес. Шетелдік және отандық мамандар онлайн БАҚ-қа сұраныс жыл сайын өсіп келе жатқанын айтады. Елімізде әлі де интернет жетпеген елді мекендердің бар екенін ескерсек, телевизияның ең танымал ақпарат құралы болуы – заңдылық. Цифрландыру жоспары бойынша биыл 880 ауылдың кең жолақты интернетке қосылуы БАҚ саласына да өзгеріс әкелуі ықтимал.<br>Жалпы, ақпарат саласындағы басты жаңалықтар Үкімет бекіткен 2020-2022 жылдарға арналған «Ақпарат саласын дамытудың ұлттық жоспарына» сәйкес енгізіледі. Ведомствоның алдағы жоспарлары мен бастамалары осы құжатта жазылған. Оған сәйкес отандық ақпарат кеңістігін дамытудың үш негізгі бағыты анықталған. Олар – бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кадрларды даярлау және ақпарат саласындағы заңнама мен құқықтық мәселелерді пысықтау. Ал саладағы бәсекелестікті арттыру үшін, ең алдымен, мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек екені айтылады. Құжатта осыған байланысты жаңалықтар материалдарын өндіруге мемлекеттік ақпараттық тапсырыстан қаражат бөлуді алып тастау ұсынылады. Осылайша ақпарат құралдарының басқа әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды қаузауына жол ашуды көздейді. Контент тақырыбы саладағы ең өзекті мәселенің бірі екені анық. Ол туралы кәсіби мамандар ғана емес, тұтынушылардың өзі талайдан бері айтып келеді.<br>Журналистік зерттеулер, шолу материалдары, сараптамалық бағдарламалар мен мақалалар отандық БАҚ-қа ауадай қажет. Себебі қазіргі ақпарат құралдарындағы кейбір материалдардың сапасы сын көтермейтіні тағы бар. Бұл мәселе көп жағдайда қаржыландыруға келіп тіреледі. Мемлекеттен қолдау алатын БАҚ оқырманның сұранысынан гөрі, эфирді толтыру не жоспарды уақытында орындауға көбірек мән беретіні белгілі. Сапалы контент ұсыну арқылы жазылушылар санын көбейту әбден мүмкін екенін шетелдік БАҚ тәжірибесінен көруге болады. Мәселен, британиялық «The Guardian» газеті материалдардың сапасы мен түпнұсқалығына баса назар аударып, жаңалықтар санын қысқартқан. Осылайша басылым аудиториясы екі есеге артқан.<br>Министрлік ұсынған құжатта мемлекеттік тапсырма мен тапсырыс шеңберінде талдау материалдарының үлесін ұлғайту мүмкіндігін қарау қажеттілігі де көтерілген. Бұл өз кезегінде материал сапасын арттырып, БАҚ-қа тұрақты аудитория жинауға көмектессе, отандық ақпарат құралдарына өздігінен жазылушылар есебінен қаржы табуына жол ашылар еді.<br>Республикалық БАҚ оқырман тарту, сапалы контент, заман талабына ілесу, жаңа технологияларды меңгеру секілді мәселелерге бас қатырса, ал аймақтардағы ақпарат құралдары орталықтағы әріптестерімен бәсекеде кейін қалып отыр. «Жаңа медианың дамуымен аймақтық БАҚ қиындықтарға тап болды. Себебі ақпарат агенттіктері арқылы, әлеуметтік желіде хабар жедел тарайды. Сол себепті аймақтық БАҚ-қа сұраныс азайып, коммерциялық табыс төмендеді. Оған кадр тапшылығы, техниканың ескіруі секілді мәселелер тағы қосылады», дейді «Semei» телеарнасы директорының орынбасары Бектұрсын Зікібаев.<br>Жақын жылдары жүзеге асатын Ұлттық жоспар бойынша кадр даярлау мәселесі негізгі бағыттардың бірі болып тұр. Оған сәйкес, жүйені қайта қарап, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру ұсынылған. Білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін Медиаиндустрия академиясы құрылуы мүмкін. Қазір болашақ мамандарды еліміздің жоғары оқу орындарының журналистика факультеттері даярлайды. Журналистерді төрт жыл университет қабырғасында оқыту мәселесі де қоғамда ара-тұра көтеріліп жүр. Біреулері журналистика арнайы оқуды қажет етпейді десе, екінші топ дәстүрлі оқу жүйесі қажет екенін алға тартады. Сала мамандары тек жүргізушілер мен дикторлардан тұрады деп ойласақ, арнайы оқудың қажеті де болмауы мүмкін. Бірақ кино секілді медиаөнімді де әзірлеуге «сахна сыртында жүретін» бір топ маман |

| | |
|---|---|
| | қатысады. Ал дайын жұмыстың сапасы тікелей солардың біліктілігіне байланысты. БАҚ қызметі күнде тауар дайындайтын зауыт секілді көрінгенімен, оның қоғамдық пікірге әсер етуде ойнайтын идеологиялық рөлі орасан. Осы себепті де арнайы кәсіби даярлығы жоқ маманның өрескел қате жібермесіне кім кепіл? Отандық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, заман талабына, қоғам сұранысына жауап беретін дүние ұсынуын қадағалауға келгенде ұлттық жоспарға үлкен үміт артылады.<br>«Қолында ақпараты бар адам әлемді басқарады» деген көпке белгілі сөздің растығына күмән келтіру қиын. Қанша айбынды басшы не көш бастаған алып мемлекет бол, кім болса да әлемге өз әмірін жүргізетін төртінші билікпен санасуына тура келеді. Әлемдік медиакеңістікте ұлттық БАҚ-тың төрт құбыласы түгел болсын десек, бәсекеге қабілетті дүние жасауға бейімделгеніміз абзал.<br>*Дереккөз: (https://egemen.kz/article/240348-mediakenhistik-mumkindik-pen-bar-shyndyq )* |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Атырау облысының жастарын блог жүргізу дағдыларына үйрету арқылы мемлекеттік бағдарламалар бойынша хабардарлықтарын арттыру |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Командалық ойындар ұйымдастыру арқылы қатысушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту<br><br>2. Жастардың тұлғалық дамуын ынталандыру және жас ұрпақтың әлеуметтенуін қамтамасыз етуге арналған әртүрлі әлеуметтік институттардың өзара әрекеттесуіне жағдай жасау. |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | Қазақстандағы реформаларға сындарлы көзқарасты қалыптастыруға және халықаралық алаңдарда Қазақстандық азаматтық сектор өкілдерінің қатысуына мүмкіндік беретін халықаралық алаңдардың/іс-шаралардың тізімі тапсырыс берушімен келісе отырып айқындалады. Елдің инвестициялық имиджіне елеулі әсер ететін шараларға делегация мүшелерін іріктеу үшін тапсырыс берушінің, ҮЕҰ гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың және т. б. өкілдері қатарынан комиссия құрамы қалыптастырылады. Делегация мүшелерін іріктеу және анықтау үшін Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары өкілдерінің арасынан делегация мүшелерін іздеу және іріктеуді жүргізіледі. Іріктеу әділ және ашық түрде өткізіледі.<br>Елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы объективті және шынайы ақпарат беру мақсатында азаматтық қоғам өкілдеріннен құрылған делегацияның халықаралық алаңдарда/іс-шараларға қатысу үшін дайындау және қолдау көрсету (техникалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және т.б.) жүргізіледі. Делегация мүшелерінің халықаралық алаңдарға/іс-шараларға қатысуын және сөз сөйлеуін қамтамасыз етіледі.<br>Мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірлей отырып, халықаралық алаңдарға/іс-шараларға қатысу қорытындылары бойынша есеп дайындалады. Халықаралық алаңдарда іс-шараларға қатысқан және сөз сөйлеген делегацияның мүшелерімен қызығушылық танытқан тұлғаларға семинар-тренингтер, мастер-класстар өткізіледі.<br>«Алматы студенттер Альянсы» ҚҚ жобаны жүзеге асыру барысында жүйелі түрде жұмыс атқарады. Яғни, арнайы бікітілген кешенді жоспар және қаржылық жоспар бойынша жұмыстар атқарады. Жобаға қатысуғы өтінім білдірген әрбір қатысушымен тікелей байланыс орнататын болады. Жоғарыда көрсетілген техникалық ерекшеліктерді барынша жоғары дәрежеде атқаруға және одан да артығымен жасауға бар күш-жігерін салады. «Алматы студенттер Альянсы» ҚҚ жобаның сәтті жүзеге асуы үшін әріптестерін қосады. |

| | |
|---|---|
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Атырау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | 2024 жылғы 1 тамыз |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | 2024 жылғы 30 қараша |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Жастар, түрлі саладағы мамандар, БАҚ өкілдері, ҮЕҰ мүшелері мен қоғам белсенділері |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | Әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде Атырау облысының кемінде 2 500 жасы қамтылады.<br><br>1. Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар туралы хабардарлығын арттырудың инновациялық және креативті әдістерін ұсына алатын жастар арасында кемінде 30 қоғамдық пікір көшбасшысын анықтау;<br><br>2. Анықталған кемінде 30 көшбасшыны 4 бағыт бойынша (бағыттар: камерада жұмыс істеу, шешендік өнер, копирайтинг және мобилография) оқыту курсын өткізу;<br><br>3. Оқу курстарынан өткен қатысушылар жастардың мемлекеттік бағдарламалары мен бастамалары тураллы кемінде 3 материал дайындап, әлеуметтік желіде жариялау тиіс (жариялымдардың ақпараттық қамтуы кемінде 10 000 қаралым);<br><br>4. Жоба аясында 2 қызықты подкаст құрылады, жастардың шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын шабыттандырады және дамытады, жастардың қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік желілерде түсірілген подкасттарды белсенді тарату (подкасттың ақпараттық қамтылуы кемінде 10 000 қаралым құрайды);<br><br>5. Әр түрлі бағыттар бойынша шығармашылық конкурс өткізу (мобилография саласындағы үздік ролик, музыкадағы үздік шығарма, үздік көркем шығарма және т. б. бағыты), одан кейін жас таланттардың үздік жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру және осы саладағы табысты адамдармен коллобрация жасау мүмкіндігін ұйымдастыру. |
| Сандық нәтижелері | Жоба нәтижесі бойынша<br>Тікелей қамту – 500;<br>Жанама қамту – 100 000. |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | – САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ<br>– медиамәтіндерді (медиа ақпарат) жекешелендіруге және түсіндіруге, әртүрлі тәсілдермен тәжірбие жасауға, медиа өнімдер дайындауға үйрету; |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">– медиа хабарламалардың ақпараттық мазмұнын талдау, түсіну, қабылдау, бағалау қабілетін дамыту;<br>– тұлғалардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту (вебалды, вербалды емес);<br>– сыни ойлау және ақпараттың сапасын бағалау қабілетін дамыту;<br>– медиақұралдар, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шығармашылық тұрғыда өз көзқарасын білдіру қабілетін шыңдау.<br>– КОНТЕНТТІ ТАЛДАУ – осы жобаны жылжытуды анықтау мақсатында жарияланымдар мазмұнын талдау;<br>– АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ – материалдарда идентификациялау және белсенді жастарға қатысты мәліметтерді деректер түрінде бекіту;<br>– ҮЛЕС – инвестицияланған еңбек ресурстарын талдау және олардың тиімділігін бағалау;<br>– ПРОЦЕСС – іс-шаралар саны, жұмсалған қаражат көлемі, шығын материалдарының көлемі, тартылған адамдар саны, оргтехника саны, ұйымдастырылған конкурстар саны, шақырылғандар саны, жарияланымдар саны; Жоба аясында жүзеге асырылатын іс-шараларға қатысты материалдарды шығару (газеттер, сайттар, теледидар, әлеуметтік желілер) бойынша БАҚ-та жұмысты АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ.<br>– ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ НӘТИЖЕЛЕР – жобаны іске асыру кезеңінде қызметтер көрсетіледі және барлық іс-шараларды өткізуде, олардың саны, қатысушылардың саны мен жалпы қамту аясында қысқа мерзімді мақсаттар мен міндеттердің 100% орындалуы қамтамасыз етіледі. Жоба аясында Маңғыстау облысының 5 ауданы, 2 қаласы қамтылады».<br>– ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МАҚСАТ НӘТИЖЕЛЕРІ – осы жоба жұмысының көрсеткіші – Кәсіби контент жасаушылардың біліктілігін арттыру арқылы медиа өнімдерді әзірлеп, әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындар мен интернет ресурстарында ілгерілету жұмысын сапалы ұйымдастыру.<br>– Әлеуметтік бейнероликтер арқылы азаматтарға қатысты әртүрлі мәселелерді кейіпкерлер арқылы жеткізіп, себебі мен салдарын көрсету.арды, жобаларды және мақсаттарды жоспарлау және осы мақсатқа жету үшін іс-шаралар жоспарын әзірлеу.<br><br>* Қатысушылардың қанағаттану деңгейі және қызметтерді көрсетуде практикалық қолдану мүмкіндігі кері байланыс сауалнамасы мен қатысушылардың кері байланысы арқылы анықталады. Қатысушыларды қамтуға қатысты барлық сандық көрсеткіштер тізімдермен расталады.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады</td><td>Серіктес</td><td>Қолдау түрі</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td>13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады</td><td colspan="2">Жобаны ақпараттық қолдау:<br>- Жоба тақырыбы бойынша кемінде 4 (төрт) ақпараттық бейнеролик дайындау және әлеуметтік желілер мен инетернет ресурстарда жариялаймыз;<br>- Жобаны іске асыру туралы ақпаратты түрлі БАҚ-та орналастыру, оның ішінде;<br>- Республикалық - 4 жарияланым;<br>- Өңірлік (баспа және электронды) - 8 жарияланым;<br>- Әлеуметтік желілерде - 40 жарияланым, сондай-ак Бірынғай хештэг пайдалана отырып, фото, видео және ақпараттық хабарламалар форматында танымал пабликтерде (кемінде 100 000 жазылушы) жобаны ілгерілету және танымал ету;</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жобаның ақпараттық жұмысын қамтамасыз ету үшін ұйымның әлеуметтік желілердегі барлық аккаунттарында мәліметтер жарияланатын болады. Сонымен қатар, жоба аясында оқырман сандары көп және жастар арасында ерекше қызығушылыққа ие тұлғалардың аккаунттары пайдаланылады. Тұрақты негізде ютуб-канал жұмысы ұйымдастырылады. Республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында (телевидение, СМИ, сайт-порталдар, пабликтер және т.б.) тұрақты негізде жоба туралы мәліметтер жарияланып тұратын болады. Жоба нәтижесі бойынша кем дегенде 100 000 адамды жанама қамту жоспарланып отыр. | | | |
| 4. Күнтізбелік жоспар | | | | | |
| | | | | | |
| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
| 1 | Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар туралы хабардарлығын арттырудың инновациялық және креативті әдістерін ұсына алатын қоғамдық пікір көшбасшысын анықтау | **Іс-шара:** Атырау облысында бағыт бойынша (бағыттар: камерада жұмыс істеу, шешендік өнер, копирайтинг және мобилография) оқыту курсын өткізу<br>**Мазмұны:** Атырау облысы жастарының қатысуымен оқыту курсы өткізіледі.<br>**Өткізу орны:** Офлайн (Атырау облысы) | 1 тамыз 2024 ж. | 30 қараша 2024 ж. | Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар туралы хабардарлығын арттырудың инновациялық және креативті әдістерін ұсына алатын жастар арасында кемінде 30 қоғамдық пікір көшбасшысын анықталады |
| 2 | Жастардың шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын шабыттандырады және дамытады, жастардың қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік желілерде подкасттар түсіру | **Іс-шара:** «Медиа» тақырыбында подкаст<br>**Мазмұны:** Жастардың шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын шабыттандырады және дамытады, жастардың қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік желілерде подкасттар түсіру білім беру курсын ұйымдастырылады.<br>**Өткізу орны:** Атырау облысы (аудан орталықтары мен Атырау қаласы) | 1 тамыз 2024 ж. | 30 қараша 2024 ж. | Жастардың шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын шабыттандырады және дамытады, жастардың қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік желілерде подкасттар түсіру білім беру курсын ұйымдастыру. Подкасттың ақпараттық қамтылуы кемінде 10 000 қаралым құрайды |
| 3 | Әр түрлі бағыттар бойынша шығармашылық конкурс өткізу (мобилография саласындағы үздік | **Іс-шара:** Әр түрлі бағыттар бойынша шығармашылық конкурс өткізу. | 1 тамыз 2024 ж. | 30 қараша 2024 ж. | Әр саладағы үздіктерді анықтау. Әр түрлі бағыттар бойынша шығармашылық конкурс өткізу (мобилография саласындағы үздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ролик, музыкадағы үздік шығарма, үздік көркем шығарма және т. б. бағыты) | **Мазмұны:** Жастардың шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын шабыттандырады және дамытады, жастардың қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік желілерде подкасттар түсіру білім беру курсын ұйымдастырылады. **Өткізу орны:** Офлайн (Атырау облысы) | | | ролик, музыкадағы үздік шығарма, үздік көркем шығарма және т. б. Ба.ғыты) |
| 4 | Жас таланттардың үздік жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру және осы саладағы табысты адамдармен коллобрация жасау мүмкіндігін ұйымдастыру. | **Іс-шара:** Талантты жастардың, үздік жұмыстарымен көрме ұйымдастыру. **Мазмұны:** Жас таланттардың үздік жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру және осы саладағы табысты адамдармен коллобрация жасау мүмкіндігін ұйымдастыру. **Өткізу орны:** Офлайн (Атырау облысы) | 1 тамыз 2024 ж. | 30 қараша 2024 ж. | Жас таланттардың үздік жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру және осы саладағы табысты адамдармен коллобрация жасау мүмкіндігін ұйымдастырып, талантты жастарды қолдау, |
| | | | | | |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| **1** | **Әкімшілік шығындар:** | | | | **3 626 773** | | **3 626 773** | |
| | **Еңбекақы, оның ішінде:** | | | **800 000** | **3 200 000** | | **3 200 000** | |
| | Ұйым жетекшісі | ай | 4 | 300 000 | 1 200 000 | | 1 200 000 | |
| | Бухгалтер | ай | 4 | 150 000 | 600 000 | | 600 000 | |
| | Жоба координаторы | ай | 4 | 200 000 | 800 000 | | 800 000 | |
| | Қоғаммен байланыс жөніндегі маман | ай | 4 | 150 000 | 600 000 | | 600 000 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар** | ай | 4 | 66 880 | 267 520 | | 267 520 |
| | **Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру** | ай | 4 | 24 000 | 96 000 | | 96 000 |
| | **Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы (1,5%)** | ай | 4 | 12 000 | 48 000 | | 48 000 |
| | **Банк қызметтері** | қызмет | 1 | 15 253 | 15 253 | | 15 253 |
| **3** | **Тікелей шығындар:** | | | | **5 273 227** | | **5 273 227** |
| | ***Іс-шара 1:*** Атырау облысында бағыт бойынша (бағыттар: камерада жұмыс істеу, шешендік өнер, копирайтинг және мобилография) оқыту курсын өткізу | | | | **1 800 000** | | **1 800 000** |
| | Өтетін орын | қызмет | 4 | 100 000 | **400 000** | | |
| | Фото және бейнетүсірілім қызметі | қызмет | 4 | 50 000 | **200 000** | | |
| | Типографиялық шығындар | қызмет | 1 | 400 000 | **400 000** | | |
| | Эксперт қызметі | қызмет | 4 | 200 000 | **800 000** | | |
| | Таратпа материалдар | дана | 500 | 2 000 | 1 000 000 | | |
| | ***Іс-шара 2:*** «Медиа» тақырыбында подкаст | | | | **900 000** | | **900 000** |
| | Түсірілім алаңын жалға алу | қызмет | 2 | 200 000 | **400 000** | | |
| | Түсірілім қызметі | қызмет | 3 | 150 000 | **300 000** | | |
| | Эксперт қызметі | қызмет | 2 | 100 000 | **200 000** | | |
| | ***Іс-шара 3:*** Әр түрлі бағыттар бойынша шығармашылық конкурс өткізу. | | | | **1 573 227** | | **1 573 227** |
| | Жүлде қоры | қызмет | 1 | 1 500 000 | **1 500 000** | | **1 500 000** |
| | Типографиялық шығындар | қызмет | 1 | 73 337 | **73 337** | | **73 337** |
| | ***Іс-шара 4:*** Талантты жастардың, үздік | | | | **1 000 000** | | **1 000 000** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарымен көрме ұйымдастыру. | | | | | | |
| | Жүлде қоры | қызмет | 1 | | **500 000** | | **500 000** |
| | Типографиялық шығындар | қызмет | 1 | | **200 000** | | **200 000** |
| | Өтетін орын | қызмет | 1 | | **300 000** | | **300 000** |
| | **Қорытынды:** | | | | **8 900 000** | | **8 900 000** |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;

- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;

– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;

- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;

- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

**Төраға**________________________________________ ________________ **Қуандық Ж.Б.,** **«12» маусым 2024 жыл**
(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)